**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ХАТТАМА**

03.04.2023 ж. №5 Шымкент қ.

**Іс-шара түрі:** Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі
**Төрайым -** Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Кудышева А.А
**Хатшы -** Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. А.Е. Айтбаева.
**Қатысқандар:** қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А. Кудышева:Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде бес негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №5 Академиялық кеңес мәжілісінің

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу апталығын өткізу туралы
2. Көктемгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту.
3. Кафедралардағы кешенді емтиханға қажетті құжаттардың даярлығы туралы, дипломдық, курстық жұмыстардың орындалу барысы туралы
4. 2021-2022 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалу барысы
Спикер: Факультеттердің оқу-әдістемелік кеңесінің төрағалары
5. 2022-2023 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімін бекіту

6. Әр түрлі мәселелер
6.1 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарының үлгісін талқылау және 2023-2024 оқу жылында кәсіптік практиканы ұйымдастыру туралы
6.2 2023-2024 оқу жылында Coursera платформасында онлайн курстардан өту жайлы.
6.3 2023-2024 оқу жылында докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханын ұйымдастыру мақсатында докторантураның 11 білім беру бағдарламасы бойынша жаңартылған емтихан сұрақтары мен эссе тақырыптарын талқылап, университет Ғылыми кеңесіне ұсыну
6.4 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

**1. Қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу апталығын өткізу туралы**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Төраға:** 2023 жылдың 17.04-21.04 аралығында Қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу және бөлісу, сонымен қатар жұмыс берушілермен білім беру бағдарламаларын талдау мақсатында оқу-әдістемелік апталық ұйымдастырып отырмыз. Әр факультетке бір күннен берілді. Апталық бағдарламасы бекітуге ұсынылып отыр.

**Қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу бойынша** оқу-әдістемелік апталық **бағдарламасы**

| **№** | **Уақыты** | **Орны** | **Іс –шара атауы, түрі** | **Жауаптылар, баяндамашылар** |
|---|---|---|---|---|
| **I** | **17.04.23** | | **ТАРИХ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ** | |
| 1 | 11-00 | Қазына ғимараты 312 аудитория | «6В01801-Әлеуметтік педагогтарды даярлау білім беру бағдарламаларының өзекті мәселелері» | Әлеуметтік педагог Есжанов Баубек, Әлеуметтік қызметкер Оспанова Жанерке |
| 2 | 14:00 | 110 аудитория | «Бастауыш сыныпта білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы диалог алаңы | П.ғ.к., аға оқытушы Куанышбаева З. Б. |
| 3 | 14.30 | 412 аудитория | 6B01101 Педагогика және психология ББ талқылау | Досанова М.М. Умбеталиева А.М. |
| 4 | 15:00 | ZOOM 251 813 8238 Пароль: 587091 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағдарламасын талдау | ф.ғ.к. аға окытушы Танабаева Г. Т. |
| 5 | 15-00 | 409 аудитория | 6В01601-Тарих және<br>6В01602- Тарих-дінтану білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру | Жадраева Г.А.<br>аға оқытушы |
| 6 | 16:00 | ZOOM 251 813 8238 Пароль: 587091 | Арнайы педагогика (Логопедия) білім беру бағдарламасын талдау | PhD, доцент м.а Боранбаева А.Р. |
| **II** | **18.04.23** | | **ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ** | |
| 1 | 10.00 | «Шаңырақ» Ғимараты<br><br>«Қазақстан» залы<br><br>(үлкен мәжіліс залы) | Мектеп пен ЖОО-ның интеграциясы жаңа білім беру жүйесінің даму факторы / Интеграция школы и ВУЗа как фактор развития новой образовательной системы - форум | **Медетбекова М.А.**<br>Шымкент қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының директоры, ф.ғ.к.<br>**Арысбаева Ж.Ә.**<br>Шымкент қаласы Білім басқармасы Гуманитарлық пәндер бойынша бөлім басшысы<br>**Айдархан Мейірхан** «CAMBRIDGE LINE» мектебі директордың орынбасары |
| 2 | | | 1. Түлектердің дағдыларының сәйкес келмеуі: мұғалімдердің жұмыс орнына (мектепке) дайындығы | **Барикулов Р.Д.**<br>Ағылшын тілі кафедрасы |
| 3 | | | 2. Обратный дизайн: и9зменение в парадигме педагогического образования от ВУЗа к школе | **Шингарева М.Ю**<br>ф.ғ.к., доцент<br>Ағылшын тілі кафедрасы |
| 4 | | | 3. Развитие коммуникативных компетенций учащихся через дискуссию | **Абишева Г.М.**<br>Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директорының орынбасары, педагог-сарапшы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | | | 4.Система работы учителя по применению технологии критического мышления в процессе преподавания языка и литературы | **Макашева Б.А.-**№43 жалпы орта мектебі, орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-шебер |
| 6 | | | 5.Использование современных программных сервисов как формы контроля знаний учащихся на уроках русского языка | **Абдуллаева А.П.-**№130 жалпы орта мектебі, орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі |
| 7 | | | 6. «Қазақ тілі мен әдебиеті сбақтарында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану» | **Сулейменова А.С.** - Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі. |
| | 11.30 | «Шаңырақ» Ғимараты | Шеберлік сағат | Шымкент қаласы бойынша тәжірибелі мұғалімдер |
| 8 | | 213 ауд. | 1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді жоспар құрудың ерекшеліктері» | **ЕшмановаА.Т. Темешова Ә.Ә. -** Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері |
| 9 | | | 2. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану | **Рустемова Г.Қ.-** Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі |
| 10 | | 234 ауд | 3. Образы Доуэля и Керна в романе А. Беляева “Голова профессора Доуэля” | **Мусиралиева А.А. -** З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-гимназиясы, орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-шебер |
| 11 | | | 4. Обучающая игра как эффективный вид деятельности на уроках русского языка в школе | **Тлеулиева Г.А.** -А.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицейі, орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі |
| 12 | | | 5. Шеберлік сағат «Фильм-ревю» | **Көрпешова С.Ж. -** Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы, ағылшын тілі мұғалімі, педагог-шебер |
| 13 | | | 6. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын дамыту | **Дроботова А.В. -** №1 А.С.Пушкин атындағы мектеп гимназиясы, ағылшын тілі мұғалімі |
| | 15.00 | «Тұмар» ғимараты | Білім беру бағдарламаларды талқылау | Оразбаева Э.Б.<br>Байғұтова Д.А.<br>Орынбетова Э.А.<br>Сманова Ғ.І. |
| 14 | | 128 | «Әдебиет пен тілдер бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру» білім беру бағдарламаларының үлгісін арттыру / Формирование модели образовательных программ «Подготовка учителя по языкам и литературе» | **Жамурова Г.Қ.** -А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі |
| 15 | | | | **Мусиралиева А.А. -** З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-гимназияның орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | | 231 | К вопросу о качестве подготовки студентов педагогического вуза на примере Южно-Казахстанского государственного педагогического университета | **Абдуллаева А.П. -** Титов атындағы №20 мектеп гимназиясы, ағылшын тілі мұғалімі, педагог- зерттеуші |
| 17 | | 330Б | Ағылшын тілі мұғалімдері мен ЖОО студенттеріне әсер ететін ішкі факторлар | **Юсупова А.Б. -** Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші |
| **III** | **19.04.23** | | **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ** | |
| | **«Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» атты Білім беру мекелерімен тәжірибе алмасуға арналған қалалық семинар** | | | |
| 1 | 10.20 – 11.50 | «Шаңырақ» ғимараты Мухтар Шаханов кабинеті (236) | **Шебер сынып тақырыбы**<br>«Педагогтердің білімін бағалауға арналған тапсырмаларды талдау» | **1.Абдрашова Нургул Турдалиевна -** .А.Жолдасбеков атындағы №9 IT лицейінің биология пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,<br>**2.Камалова Улжан Абдуевна-** №52 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші<br>**3.Акилбаева Сауле Батырхановна-**«Cambridge Line» мектебінің география пәні мұғалімі, педагог-эксперт |
| 2 | 12.00-13.00 | 102 | «Тиімді оқыту тәсілдері арқылы білім алушының оқуға ынтасын арттыру» | Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы **Раймкулова Жанат Абдикалыковна** |
| 3 | 12.00-13.00 | 260 | «4 С моделі арқылы тиімді сабақ жоспарын жоспарлау | Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы **Қуанышбек Гүлмира Еламановна** |
| 4 | 12.00-13.00 | 405 | «Оқу мен оқытуды зерттеу тәсілдері» | Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы **Кенжеходжаева Ляззат Шакимардановна** |
| 5 | 14.30-16.30 | Мухтар Шаханов кабинеті (236) | «Оқыту үдерсінде белсенді әдістерді қолдану» | Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушылары:<br>**-Жуманова Райхан Муратовна**<br>**-Танирбергенова Айгерим Серикбаевна**<br>**-Байбақ Бибіхан Оңғарқызы** |
| 6 | 16.40 – 18.00 | 102<br><br>405<br><br>260 | 2023-2024 оқу жылы үшін білім беру бағдарламаларын қарастыру | Кафедра меңгерушілері<br>Успабаева А.А.<br>Шаграева Б. Б.<br><br>Мырзалиева З.К<br><br>Кафедра оқытушылары |
| **IY** | **20.04.23** | | **ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Жоба әдісі - заманауи білім нәтижесіне қол жеткізу тәсілі» тақырыбындағы семинар бағдарламасы** | | | |
| 1 | **9.30-10.00** | «Шаңырақ» ғимараты<br><br>317 аудитория | Семинарға тіркеу | Физика-математика факультеті оқытушылары **Сәтім Дина, Серікбаева Фариза, Сұлтан Салтанат** |
| 2 | **10.00-10.10** | | Ашылуы, алғы сөз | Академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Кудышева Айнаш Амангельдыевна** |
| 3 | **10.10-10.20** | | Жобаны дайындау барысындағы құзыреттіліктер мен зерттеу дағдылары жайлы | Физика-математика факультеті деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты **Ибашова Альмира Байдабековна** |
| 4 | **10.20-10.30** | | Жоба әдісі оқушылардың өздік зерттеу жұмысын ұйымдастыру тәсілдерінің бірі ретінде | Шымкент қаласы білім басқармасы әдістемелік орталықтың математика әдіскері **Кисабекова Алтынай Алтаевна** |
| 5 | **10.30-10.40** | | Орта мектепте математиканы жобалау әдісімен оқыту | Математика кафедрасы доценті, п.ғ.д. **Ибрагимов Раскул** |
| 6 | **10.40-11.00** | | Информатикадан жобалық жұмыстардың ерекшеліктері | Информатика кафедрасының докторанты **Қаратаев Нурлан** |
| 7 | **11.00-12.30** | | Білім беру бағдарламаларын талдау | **Кафедра меңгерушілері** |
| 8 | **14.00-14.15** | «Шаңырақ» ғимараты<br><br>317 аудитория | Мектеп оқушыларын ғылыми шығармашылық жұмыстарға баулу әдістерім | Шымкент қаласы, №80 IT мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі **Дүйсебаев Бақберген Мамбеткулулы** |
| 9 | **14.15-14.30** | | Цифрлық оқу контенттерін дайындаудың әдістемесі | Информатика кафедрасы доцент м.а., п.ғ.к. **Адылбекова ЭльвираТулепбергеновна** |
| 10 | **14.30-14.50** | | «Fizikalyg Smart Sandyg» тақырыбында дайындалған электрондық оқу-әдістемелік кешен | Физика кафедрасы, 1502-19 тобының студенті **Жандарбаева Айнұр Мұратқызы**(жет. физика каф.аға оқытушысы **Болатбек Садық Халдарұлы)** |
| 11 | **14.50-15.10** | | Орта мектептің физика курсында "Жылу құбылыстары" тарауын оқытудағы тиімді әдістер | Физика кафедрасы, **М1502-12 топ магистранттары:**<br>**Жолтаева Ақнұр Исаханқызы**<br>**Байнусипова Айгуль Жумабаевна**<br>**Кулжанов Акылбек Ергеш уғли**<br>**Қарақожа Мәдина Жұмағалиқызы.**(жет. физика каф. аға оқытушысы **Болатбек Садық Халдарұлы)** |
| 12 | **15.10-15.30** | | «Виртуальды модельдеуші бағдарламаларды қолданып, 10-сынып оқушыларын физикалық эксперименттік есептерді шығаруға үйретуді қысқа мерзімді жоспарлау» | Физика кафедрасы, 1502-19 тобының студенті **Бимырзақызы Ұлдана.**(жет. физика каф.аға оқытушысы **Болатбек Садық Халдарұлы)** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | **15.30-15.50** | | Орта мектепте астрономия негіздерін оқытуға интерактивті компьютерлік модельдерді қолданып оқушылардың жоба жұмыстарын орындауын ұйымдастыру әдістемесі | Физика кафедрасы, **М1502-22 тобының магистранттары**<br>Сапарбек Аян Бақытжанұлы<br>Марова Маржан Абдимоминовна<br>Турсунова Акерке Мухтаровна<br>Салиева Дилбар Шавкатқызы<br>жет. Физик жетекшісі **Болатбек Садық Халдарұлы** |
| 14 | **15.50-16.00** | | Семинардың жабылуы. Марапаттау | Физика-математика факультеті деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты **Ибашова Альмира Байдабековна**<br>Математика кафедрасының аға оқытушысы **Егембергенова Маржан Ыбрайханқызы** |
| **Ү** | **21.04.23** | | **ӨНЕР ЖӘНЕ БІЛІМ ФАКУЛЬТЕТІ** | |
| 1 | 11.30 | «Тұмар» ғимараты 106 | «Педагогикалық білім берудегі қазіргі тенденциялар: бейнелеу өнері, көркем еңбек және технология» атты семинар | Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы |
| 2 | 12.30 | «Тұмар» ғимараты 312 | «Білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті педагог-музыкантты даярлау» атты семинар<br>(2023-2024 оқу жылында бакалавриат және магистратура бойынша оқуға қабылданатындар үшін жасалатын білім беру бағдарламаларын талқылау) | Музыкалық білім кафедрасы |
| **ҮІ** | **21.04.23** | | **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ФАКУЛЬТЕТІ** | |
| 1 | 10-00 | Мухтар Шаханов кабинеті (236) | «Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін талдау(семинар).<br>(2023-2024 оқу жылында бакалавриат және магистратура бойынша оқуға қабылданатындар үшін жасалатын білім беру бағдарламаларын талқылау) | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасының аға оқытушысы **Қадырбаев Ж.А**.<br>**Нускабаев Б.К.-** Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің әдіскері<br>**Досжан С.Е.** - Қ.Спатаев атындағы №7 IT мектеп-лицейінің «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы<br>**Дүйсебаев Б.Қ**.- Шымкент қаласының Н.Төреқұлов атындағы жалпы орта білім беру мекемесінің «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқытушы-ұйымдастырушысы. |
| 2 | **16.30** | 02 Д | 2023-2024 оқу жылы үшін білім беру бағдарламаларын қарастыру | Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы |

**1 ШЕШІМ:**

1. Қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу бойынша оқу-әдістемелік апталық бағдарламасы бекітілсін. Апталық жоғары деңгейде өтуіне факультет декандары жауапты.

**2. Көктемгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Мамаев Қайрат Серикбаевич**: Университет кафедралары ұсынған мәліметтерге сай, 2022-2023 оқу жылының көктемгі семестріндегі пәндердің қорытынды бақылау түрлерінің жалпы саны – 2052. Оның ішінде жазбаша емтихандар – 443 (21,59%), тестілеу емтихандары – 781 (38,06%), ауызша емтихандар – 523 (25,49%), шығарма¬шы¬лық емтихандар – 74 (3,61%), дифференциалдық сынақтар – 229 (11,16%) және жоба түрінде қабылданатын емтихандар – 2 (0,10%).

Өткен 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрімен салыстырғанда жазбаша емтихандар саны 15,10%-ға кеміп, ауызша емтихандар 15,46%-ға артқан (1-2 кестелер).

1-кесте

| 2022-2023 оқу жылы | Бақылау саны | Бақылау түрі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жазбаша | тест | ауызша | шығарма-шылық | дифф. сынақ | жоба |
| Тарих және педагогика | **408** | 136 | 86 | 136 | 5 | 45 | 0 |
| | **%** | 33,33% | 21,08% | 33,33% | 1,23% | 11,03% | 0,00% |
| Филология | **662** | 57 | 311 | 226 | 0 | 68 | 0 |
| | **%** | 8,61% | 46,98% | 34,14% | 0,00% | 10,27% | 0,00% |
| Дене шынықтыру және спорт | **346** | 98 | 151 | 49 | 6 | 42 | 0 |
| | **%** | 28,32% | 43,64% | 14,16% | 1,73% | 12,14% | 0,00% |
| Жаратылыстану | **269** | 82 | 127 | 29 | 0 | 31 | 0 |
| | **%** | 30,48% | 47,21% | 10,78% | 0,00% | 11,52% | 0,00% |
| Физика-математика | **215** | 56 | 70 | 61 | 0 | 26 | 2 |
| | **%** | 26,05% | 32,56% | 28,37% | 0,00% | 12,09% | 0,93% |
| Өнер және білім | **152** | 14 | 36 | 22 | 63 | 17 | 0 |
| | **%** | 9,21% | 23,68% | 14,47% | 41,45% | 11,18% | 0,00% |
| **Жалпы:** | **2052** | **443** | **781** | **523** | **74** | **229** | **2** |
| | **%** | **21,59%** | **38,06%** | **25,49%** | **3,61%** | **11,16%** | **0,10%** |

2-кесте

| **2021-2022 оқу жылы** | Бақылау саны | жазбаша | тест | ауызша | шығармашылық | диф. сынақ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі оқу нысаны | **1954** | **717** | **796** | **196** | **107** | **138** |
| | % | **36,69%** | **40,74%** | **10,03%** | **5,48%** | **7,06%** |

**2022-2023 оқу жылында оқу үрдісіне қатысты туындаған бірқатар мәселелер**
1. Оқу жылында жаңадан қызметке қабылданған және (немесе) зейнет жасындағы оқытушы-профессордардың Univer 2.0 жүйесінде студенттерді академиялық күнтізбедегі көрсетілген мерзімге бағаламаулары.
2. Бірқатар оқытушы-профессорлардың жеке жүктемелерінде бірінші немесе екінші жартыжылдықта оқу пәндерінің шамадан тыс артық жоспарлануына байланысты Univer жүйе-сіне бағаның мерзімінде қойыл-мауы.
3. Студенттердің Univer жүйесінде силлабустағы бағалау жүйесіне сай жүйелі түрде бағаланбаулары.
4. Студенттердің бітіруші курсқа дейін курстан-курсқа пән қарыздарымен көшірілуі.
5. Бірқатар студенттердің қайта тапсыруда «жақсы», «өте жақсы» баға алу мақсатында тест емтиханы барысында әдейі «FX» бағасын алуына байланысты емтихандарды қайта тапсыруды ұйымдастыруда студенттер санының көптігі-нен қиындықтардың туындауы.
6. Студенттердің «өте жақсы» (21,16%), «жақсы» (60,45%) бағаларымен шамадан тыс көп бағалануы.

**2.ШЕШІМ:**
1 2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың көктемгі сессияда өтілетін пәндердің қорытынды бақылау түрлері әр пәннің ерекшелігі ескеріліп, әр түрлі формада (тест, ауызша, жазбаша, шығармашылық) болуын қадағалау факультет декандарына және кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**3. Кафедралардағы дипломдық жұмыстардың (жоба)орындалу барысы туралы**
**ТЫҢДАЛДЫ:**
Айтбаева Айгүл Ергенқызы: Университеттің академиялық күнтізбесіне және білім беру бағдарламаларының оқу жоспарына сәйкес бітіруші курс студенттері диплом алды практикадан өтуде. Дипломалды практика базалары диплом жұмысының (жобаның) тақырыбына сәйкес анықталады және оны дипломдық жұмыс (жобаның) жетекшісі жүзеге асырады. Бітіруші түлектердің дипломдық жұмыстары (жобалары) антиплагиат жүйесінен 24.04-12.05.23 аралығында өткізіледі.

**Дипломдық жұмыс талаптары:** Дипломдық жұмыстың көлемі 40 беттен кем емес.
Дипломдық жұмыстың құрылымдық элементтері:
- мұқаба;
- титул парағы;
- дипломдық жұмыстың тапсырма парағы;
- мазмұны;
- КІРІСПЕ ( көлемі 1-3 бет)

Кіріспеде дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі, қарастырылып отырған ғылыми мәселенің қазіргі таңдағы жағдайының талдауы, дипломдық зерттеудің мақсаты, міндеттері және нысандары, әдістері, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеу базасы, зерттеу жұмысының құрылымы көрсетілуі тиіс

- НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде зерттеу жұмысының тақырыптарына сәйкес әдебиеттерге шолу жасап, сипаттама, зерттеу әдістері мен әдістемесі және негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер келтіріледі. Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімі тарауларға, бөлімдерге, бөлімшелерге (параграфтарға) бөлінеді.

- ҚОРЫТЫНДЫ ( көлемі 1-3 бет)

Қорытынды бөлімде дипломдық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылары жасалып, қойылған міндеттердің орындалу дәрежесі анықталады және зерттеу нысаны бойынша нақты ұсыныстар беріледі

- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ (кемінде 20 дереккөзден тұруы тиіс оның 50% -ында соңғы 10 жылда жарияланған әдебиеттер болуы керек);

- ҚОСЫМШАЛАР (Д/Ж көрсетілген көлеміне кірмейді).

**Дипломдық жоба талаптары:** Дипломдық жобаның көлемі 25 беттен кем емес.

Дипломдық жобаның құрылымдық элементтері:

Мұқаба

Титул беті

Дипломдық жобаның тапсырма парағы;

Мазмұны

**Кіріспе**

Кіріспеде қарастырылады:

- қысқаша сипаттама
- Зерттеудің өзектілігі (проблеманы анықтау).
- мақсаты
- Әр білім алушының қосқан үлесі (атқарған жұмыстары жазылады)

**1.Әдебиетке шолу** (10 әдебиеттен кем емес)

**2.Таңдама және зерттеу әдістері** (зерттеу нысаны, оларды іріктеу, базасы, әдістері)

**3.Нәтижелер және оларды талдау** (жобаның мәні, атқарылатын іс-шаралардың нәтижелері )

**Қорытынды** (тұжырымдар, ұсыныстар);

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі** (кемінде 10 дереккөзден тұруы тиіс оның 50% -ында соңғы 10 жылда жарияланған әдебиеттер болуы керек).

**Қосымшалар** (Дипломдық жобаның көрсетілген көлеміне кірмейді. Көмекші және қосымша материалдар, кестелер, суреттер, графиктер, диаграммалар және т.б ).

Қазіргі таңда факультеттерде Дипломдық жұмыс, жобалардың орындалу пайызы-70-85 құрайды. Диплом алды практикада дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау; зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау; қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Жоғарыда берілген талаптарға және Сапа менеджменті жүйесі Дипломдық жұмысты (жоба) жазуға және безендіруге қойылатын жалпы талаптар туралы ережеге сәйкес рәсімделу қажет. Диплом алды практиканың қорытындылары арнайы кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобасын) алдын ала қорғауда қорытындыланып, хаттамамен рәсімделу тиіс.

**3. ШЕШІМ:**

1. Дипломдық жұмыстарды (жобаны) антиплагиаттан өткізу және СМЖ ОҚМПУ Е 7.06-2021 сәйкес рәсімделуін қадағалау жұмыстары кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**4. 2022-2023 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалу барысы.**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Арыстанова Шолпан Сәбитовна: «Өнер және білім» факультетінің 2022-2023 оқу жылына жоспарлаған оқу–әдістемелік жұмыстардың орындалу барысы:** Факультет бойынша 2022-2023 оқу жылына Наурыз айына дейін «Өнер және білім» факультеті екі кафедра

«Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері», «Музыкалық білім» кафедралар жоспар бойынша: 1 монография, 4 оқу құралдары академиялық кеңесте қаралып, баспаға ұсынылды. 1 альбом каталогы, 4 оқу -әдістемелік нұсқаулық жоспардан тыс факультет кеңесінде қаралып, баспадан шықты.

**Тайтелиева Майра Абдикаимовна:** Филология факультетіне қарасты оқытушы-профессорлар құрамының дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарынын 2022-2023 оқу жылына барлығы 14 оқу құралы, 5 оқу әдістемелік құралы мен 4 әдістемелік нұсқау шығару жоспарланып, 3 оқу әдістемелік құралы және 2 әдістемелік нұсқау баспаға ұсынылды. Ф.ғ.к., доцент У.К.Абдыхановтың «Тексты и задания практических занятий по историй русской литературе XX века» атты оқу әдістемелік құралы бүгінгі Академиялық кеңесінің талқысына ұсынылып отыр. Барлығы 17 ашық сабақ, 52 өзара сабаққа қатысу, 26 семинар өткізу жоспарланып,
12 ашық сабақ, 42 өзара сабаққа қатысу, 20 семинар өткізілді

**Битимирова Алия Еркегуловна:** Жаратылыстану факультетіне қарасты оқытушы-профессорлар құрамының дайындалған оқу-әдістемелік жұмыстарынын саны – 5- оқу құралы, 1-Электрондық оқу құралы, 1-оқу-әдістемелік құрал, 1- оқу-әдістемелік нұсқау. Химия кафедрасы бойынша жоспар бойынша-7; орындалғаны-2; орындалмағаны-5; Биология кафедрасы бойынша жоспар бойынша-3; орындалғаны- 2; орындалмағаны-1; География кафедрасы бойынша жоспар бойынша-6, орындалғаны-3, орындалмағаны-3. Факультет бойынша 8 ашық сабақ, 13 өзара сабаққа қатысу, 7 семинар өткізілді

**Айдарбеков Копжасар Джасузакович:** Дене шынықтыру және спорт факультет бойынша 2022-2023 оқу жылының 3-ашық сабақтар жоспар бойынша өткізілді. 4 оқу-әдістемелік семинар өтті. Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуы – 3 оқу құралы, 4- оқу-әдістемелік құрал екінші жарты жылдыққа жоспарланған, бірақ бүгінгі күнге дейін орындалмады.

**Зауре Бекеновна Куанышбаева**: Тарих және педагогика факультетіне қарасты профессор-оқытушылар құрамы 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 2 оқулық, 11 оқу құралы, 16 оқу-әдістемелік құралы, 6 әдістемелік нұсқаулық жоспарланған. Жоспарланған 2 оқулық факультет кеңесінде қайта өңделуге жіберілді. Жоспар бойынша 5 оқу құралы, жоспардан тыс 1 оқу құралы әзірленді. 16 оқу-әдістемелік құралдың 7-уі әзірленді, оның 4-і электронды оқу құралы.

**Егембергенова Маржан:** Физика-математика факультет бойынша 2022-2023 оқу жылының 8-ашық сабақтар және 8 өзара сабақ жоспар бойынша өткізілді. 10 оқу-әдістемелік семинар өтті. Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жоспарланған 10 оқу құралы мен 9 оқу әдістемелік құралдардың орындалуы –3-оқу құралы: 2-оқу-әдістемелік құрал.

**4. ШЕШІМ:** Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарға жауаптылардың мәліметі есепке алынсын. Жоспарланған оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдардың орындалуын кафедра меңгерушілері қадағаласын.

**5. 2023-2024 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімін бекіту**
**ТЫҢДАЛДЫ:**

Айтбаева А.Е.: 2023-2024 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімі 20 кафедрадан жинақталды. Пәндер бойынша қорытынды бақылау түрлері, яғни емтихан түрі көрсетілген.

**2023-2024 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімі мен қорытынды бақылау түрлері**

| р/с. | Кафедра атауы | Кафедра оқытатын пәндер саны | | | | Күзгі семестр | Көктемгі семестр | Бақылау түрі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | МК | ЖК | ТК | барлығ | | | ауызша | жазбаша | тест | Шығармашылық/ |

| | | | | | ы | | | | | | жоба |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Математика | - | 29 | 15 | 44 | 27 | 17 | - | 44 | - | - |
| **2** | Физика | - | 25 | 7 | 32 | 24 | 8 | - | 20 | 12 | - |
| **3** | Информатика | 2 | 24 | 12 | 38 | 22 | 16 | - | 23 | 8 | -/ 7 |
| **4** | Химия | **-** | 35 | 12 | 47 | 22 | 25 | - | 37 | 10 | **-** |
| **5** | Биология | - | 8 | 28 | 36 | 21 | 15 | - | 32 | 4 | - |
| **6** | География | 4 | 48 | 36 | 88 | 57 | 28 | - | 80 | | - |
| **7** | Бастауышта оқыту әдістемесі | 1 | 40 | 3 | 44 | 24 | 20 | 35 | 6 | 3 | **-** |
| **8** | Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика | - | 35 | 25 | 60 | 32 | 18 | 11 | 46 | 2 | 1 |
| **9** | Педагогика | - | 20 | 6 | 26 | 17 | 9 | - | 24 | 2 | - |
| **10** | Психология | - | 19 | 7 | 26 | 15 | 11 | - | 22 | - | - |
| **11** | Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер | 5 | - | - | 5 | 5 | 5 | - | - | 5 | **-** |
| **12** | Әлем тарихы және дінтану | - | 20 | 27 | 47 | 26 | 14 | **-** | 40 | **-** | **-** |
| **13** | Қазақ тілі және әдебиеті | - | 23 | 20 | 43 | 38 | 19 | 42 | 1 | - | **-** |
| **14** | Орыс тілі және әдебиеті | | | | | | | | | | |
| **15** | Ағылшын тілі | - | 17 | 24 | 41 | 29 | 12 | 33 | 2 | 3 | 3 |
| **16** | Шетел тілдері | 1 | | | 1 | 1 | 1 | 1 | | | |
| **17** | Музыкалық білім | **-** | **9** | **17** | **26** | **20** | **6** | **10** | **-** | **-** | **16** |
| **18** | Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері | - | 18 | 21 | 39 | 22 | 17 | | 10 | 3 | 26 |
| **19** | Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі | - | 13 | 10 | 23 | 16 | 7 | - | 21 | - | 2 |
| **20** | Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру | 1 | 15 | 6 | 22 | 13 | 9 | 2 | 16 | 1 | 2 |
| | **Жалпы** | **14** | **398** | **27 6** | **688** | **431** | **257** | **134** | **424** | **53** | **50/7** |

**5. ШЕШІМ:**

2023-2024 оқу жылында кафедрада оқытылатын пәндер тізімі мен қорытынды бақылау түрі бекітілсін.

**Әр түрлі мәселелер**

**6.1 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарының үлгісін талқылау және 2023-2024 оқу жылында кәсіптік практиканы ұйымдастыру туралы**

**Академиялық істер департаменті директорының орынбасары С.К.Аширбаева:** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білім алушыларына арналған білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарының үлгісін ұсынып отырмын: жалпы білім -56 кредит; педагогика-психологиялық дайындық - 65 кредит; КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ- 96 кредит оның ішінде Бейіндеуші пәндер - 78 кредит, Білім траекториясы - 18 кредит (білім алушы траекторияның біріуін таңдайды); Minor вариативті модуль -15 кредит. Кәсіптік практиканың өту уақыттарына өзгертулер жасасақ.

**Кәсіптік практика бөлімінің басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханкызы:** Педагогикалық практиканы ұйымдастыру мен өткізуді оңтайландыру мақсатында 2023-2024 оқу жылының академиялық күнтізбелеріне өзгерістер енгізуді ұсынып отырмыз:

| Практика түрі | курсы | Қазіргі таңдағы жағдай | Енгізілетін өзгерістер |
|---|---|---|---|
| Оқу | 1 | 2 апта/ 2 кредит/ 2 семестр/ үзіліспен | Өзгеріс жоқ |
| Психологиялық-педагогикалық | 2 | 2 апта/ 2 кредит/ 4 семестр/ үзіліспен | 15 апта/ 2 кредит/ 4 семестр/ үзіліссіз/ аптасына 1 күн 4 сағат |
| Педагогикалық | 3 | 4 апта/ 4 кредит/ 6 семестр/ үзіліспен | 15 апта/ 4 кредит/ 5 сесместр/ үзіліссіз/ аптасына 2 күн 8 сағат |
| Педагогикалық | 4 | 8 апта/ 8 кредит/ 8 семестр/ үзіліспен | Өзгеріс жоқ |

2023-2024 оқу жылғы қабылдауға білім беру бағдарламаларының педагогикалық практикаларына ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 27 наурыздағы №125 бұйрығы бойынша бекітілген «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарын» ескере отырып төмендегідей өзгерістер жасау ұсынылады:

| Практика түрі | курсы | кредит | сағат | семестр | Өткізілу формасы |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу | 1 | 2 | 30 | 2 | 2 апта/ үзіліспен |
| Психологиялық-педагогикалық | 2 | 2 | 30 | 4 | 15 апта/ үзіліссіз |
| Педагогикалық | 3 | 6 | 90 | 5 | 15 апта/ үзіліссіз |
| Педагогикалық | 4 | 10 | 150 | 8 | 10 апта/ үзіліспен |
| Диплом алды практика | 5 | 5 | 75 | 8 | 5 апта/ үзіліспен |

Педагогикалық практикаға жалпы 25 кредит беріліп тұр. Білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне қарай қарастырылатын басқа да кәсіптік практика түрлері 25 кредиттен тыс немесе 25 кредиттен есептеуді білім беру бағдарламасын жүзеге асырушы кафедралар шешімімен анықталады.

**Ұсыныстар:**

1. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізуді оңтайландыру мақсатында 2023-2024 оқу жылының академиялық күнтізбелеріне өзгерістер енгізілу ұсынылады.

| Практика түрі | курсы | Қазіргі таңдағы жағдай | Енгізілетін өзгерістер |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Психологиялық-педагогикалық | 2 | 2 апта/ 2 кредит/ 4 семестр/ үзіліспен | 15 апта/ 2 кредит/ 4 семестр/ үзіліссіз/ аптасына 1 күн 4 сағат |
| Педагогикалық | 3 | 4 апта/ 4 кредит/ 6 семестр/ үзіліспен | 15 апта/ 4 кредит/ 5 сесместр/ үзіліссіз/ аптасына 2 күн 8 сағат |

2. 2023-2024 оқу жылғы қабылдауға арналған білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына педагогикалық практикалардың көлеміне өзгерістер енгізу ұсынылады.

| Практика түрі | курсы | кредит | сағат | семестр |
|---|---|---|---|---|
| Оқу | 1 | 2 | 30 | 2 |
| Психологиялық-педагогикалық | 2 | 2 | 30 | 4 |
| Педагогикалық | 3 | 6 | 90 | 5 |
| Педагогикалық | 4 | 10 | 150 | 8 |
| Диплом алды практика | 5 | 5 | 75 | 8 |

**6.1 ШЕШІМ:** 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарына және кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізуді оңтайландыру мақсатында 2023-2024 оқу жылының академиялық күнтізбелеріне өзгерістер енгізу жұмыстары жүргізілсін.

**6.2 2023-2024 оқу жылында Coursera платформасында онлайн курстардан өту жайлы.**

**Ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі Сманова Газиза Илесхановна**:2023-2024 оқу жылында Ағылшын тілі кафедрасында 6В01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау білім беру бағдарламаларында: Академиялық шетел тілі (Академический иностранный язык) және Шеттілдік білім беру әдістемесіндегі инновация (Инновация в методике иноязычного образования) пәндері, сонымен қатар 6В02301- Аударма ісі білім беру бағдарламаларында Іскерлік ағылшын тілі пәні «Coursera» білім беру платформасындағы пәнге толығымен ауыстырылып оқытылып, оқыту нәтижелері есепке алынатын болады.

**6.2 ШЕШІМ:** 2023-2024 оқу жылында Coursera білім беру платформасында онлайн курстардан өту жұмыстары ұйымдастырылсын.

**6.3 2023-2024 оқу жылында докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханын ұйымдастыру мақсатында докторантураның 11 білім беру бағдарламасы бойынша жаңартылған емтихан сұрақтары мен эссе тақырыптарын талқылап, университет Ғылыми кеңесіне ұсыну**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Осы мәселе бойынша : Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры-Жылысбаева Аққоңыр Нұрділләқызы өз алып, докторантураның 11 білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтихан сұрақтары мен эссе сұрақтарын академиялық кеңес мүшелеріне ұсынды. Барлық сұрақтар мен эссе тақырыптары «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығын негізге ала огтырып, кафедраларда дайындалғанын айтты. Барлық ұсынылған сұрақтар мен эссе тақырыптары кафедраларда талқыланып, хаттамамен ұсынылған. Академиялық кеңес мүшелері сұрақтармен және эссе тақырыптарымен танысып, өз пікірлерін білдірді.

**6.3 ШЕШІМ:**

«Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылында докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханын ұйымдастыру мақсатында жаңартылған емтихан сұрақтары мен эссе тақырыптары қанағаттанарлық деп табылып, университет Ғылыми кеңесінің күн тәртібіне карауға ұсынылсын.

**6.4 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Төрайым:** Университет оқытушы-профессорларының оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті. Баспадан шығарылатын оқу және оқу-әдістемелік құралдары кафедрада оқытылатын пәндерге сәйкес болу керек.

**СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.:** Университет оқытушы-профессорларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

**1. Танабаева Г.Т.Мектепке жасына дейінгі балаға әдебиеттік білім беру. Оқу құралы.114 бет.** Пікір бергендер: Ибрагимова У.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасының доценті, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; Турмаханова С.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Мектепке дейінгі және арнайы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті; Боранбаева А.Р. - философия докторы (PhD) қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті

**2. Т.Ш.Махановтың «Ауылшаруашылық жұмыстары» атты оқу құралы**.236 бет. Пікір бергендер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Бейнелеу өнері мен технологияны оқыту әдістемесі» кафедрасының п.ғ.к., профессоры Ю.Н.Камалов; 2) Мирас университеті «Көркем еңбек және дизайн» секторының менеджері, PhD докторы У.Ж. Қонақбаева; 3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Кәсіптік оқыту және бейлелеу өнері» кафедрасы п.ғ.к., профессор м.а. Д.Қ. Пошаев.

**3.Баймусаева Б.Ш. «Культура речи» атты оқу құралы. 136 бет.** Пікір бергендер: Ниетбайтеги К.А. – к.ф.н., доцент кафедры «Методика начального обучения» ЮКГПУ; Абуова Б.Ж. – к.п.н., старший преподаватель кафедры дошкольной и специальной педагогики ЮКГПУ;Аульбекова Ж.С. – к.ф.н., доцент кафедры практического русского языка для технических специальностей ЮКУ им. М.Ауезова.

**4. Баймусаева Б.Ш. «Литературное образование дошкольников» атты оқу құралы** 92 бет. Пікір бергендер: Ниетбайтеги К.А. – к.ф.н., доцент кафедры «Методика начального обучения» ЮКГПУ; Абуова Б.Ж. – к.п.н., старший преподаватель кафедры дошкольной и специальной педагогики ЮКГПУ; Аульбекова Ж.С. – к.ф.н., доцент кафедры практического русского языка для технических специальностей ЮКУ им. М.Ауезова.

**5. Киргизбаев Жүзбайдың дайындаған «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер»** атты оқу құралы 13,25 б.т. құрайды. Оқу құралда материалдар теориялық және әдістемелік жағынан зерттеліп, бір жүйеге негізделген, қысқаша теориялық материалдармен қатар көптеген есептер келтірілген. Жұмысқа пікір жазғандар: М.Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент А.Байдыбекова және ОҚМПУ-дың «Математика» кафедрасының доценті, п.ғ.д. Ибрагимов Р.

**6. М.М. Дүйсенова «Science research writing for non-native speakers of English» оқу құралы.**112 бет. Пікір бергендер: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің, ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі, доцент м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты Ғ.І.Сманов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, PhD, аға оқытушы Ж.Б.Бураева, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, ф.ғ.к., аға оқытушы К.Қалдаяков.

**7. А.П.Мынбаеваның «Ғылыми мәтін лингвистикасы» атты оқу құралы**. Оқу құралының жалпы көлемі - 116 бет (7,25 баспа табақ). Пікір бергендер: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Б.Омар; филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Құрбанов; М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің PhD докторы Г.Мухамеджанова.

**8. А.П. Абдуразова мен К.З.Керімбаеваның ұсынған «Chemistry of higher molecular compounds» атты электронды оқу құралы.** Электронды оқу құралы жоғарғы оқу орындарының 6В01504-Химия мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасына сәйкес «Chemistry of higher molecular compounds» пәнінен дайындалған электронды оқу құралы 3 курс студенттеріне арналған. Жоғары молекулалық қосылыстар туралы жалпы сипаттама, полимерлерді алу жолдары, иондық полимерлер, поликонденсация, полимерлердің химиялық, физикалық, механикалық қасиеттері, полимерлі ерітінділер, химиялық талшықтар қамтылған. Жоғары молекулалық қосылыстар химиясынан кешенді білім жүйесін қалыптастырады.

**9. А.Т.Досбаганбетованың құрастырған «Домыраға арналған шығармалар» (96 бет) атты оқу құралы**. Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Музыкалық білім» кафедрасының доценті, п.ғ.к. С.С.Естемесова; 2) Ә. Қуатбаев атындағы Халықтар достығы университеті «Педагогика және психология» кафедрасы ҚР Еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері, профессор Ө.Губайдуллин; 3) ОҚМПУ«Өнер және білім» факультеті «Музыкалық білім» кафедрасы ҚР мәдениет саласының үздігі Р.К.Таубаева.

**10. А.М.Қарсыбаева мен ҚР Мәдениет қайраткері М.К.Лес бірлесіп құрастырған «Аспаптық жұмыс** (қыл қобыз)» (88 бет) атты оқу құралы. Оқу құралына пікір берушілер: 1) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Музыкалық білім» кафедрасының доценті, п.ғ.к. С.С.Естемесова; 2) М.Әуезов атындағы ОҚУ «Музыкалық білім» кафедрасыныңмеңгерушісі, п.ғ.к., ҚР Мәдениет қайраткері Л.Ш.Арипбаева; 3) ОҚМПУ«Өнер және білім» факультеті «Музыкалық білім» кафедрасының меңгерушісі, ҚР мәдениет саласының үздігі, ҚР білім беру ісінің үздігі А.Т.Досбаганбетова

**11. У.К. Абдыханов құрастырған Тексты и задания практических занятий по истории русской литературы XX века.оқу-әдістемелік құралы** 96 беттен тұрады. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ ф.ғ.к., доцент Жунисова А. А.; ОҚМПУ п.ғ.д., профессор Мусабекова Г. Т. Және ф.ғ.к., доцент Сандыбаева Н. А.

**5. ШЕШІМ:**

1. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

**Төраға** **А.А. Кудышева**

**Хатшы** **Айтбаева А.Е.**